

## Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 22 мамырдағы № 190 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 22 мамырда № 38773 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының үшінші, төртінші, елу төртінші, елу бесінші, сексенінші, сексен бірінші, сексен үшінші, сексен төртінші, сексен бесінші, сексен алтыншы, сексен жетінші, сексен сегізінші, сексен тоғызыншы, тоқсаныншы, тоқсан екінші, жүз елу тоғызыншы, жүз алпыс үшінші, жүз алпыс төртінші, жүз алпыс алтыншы, жүз алпыс жетінші, жүз алпыс сегізінші, жүз алпыс тоғызыншы, жүз жетпісінші, жүз жетпіс бірінші, жүз жетпіс екінші, жүз жетпіс төртінші, жүз жетпіс бесінші абзацтарын, 2-тармағының үшінші, төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қырықыншы, алпысыншы, алпыс төртінші, алпыс бесінші, алпыс алтыншы, алпыс жетінші, алпыс сегізінші, алпыс тоғызыншы, жетпісінші, жетпіс екінші, жетпіс үшінші абзацтарын, 3-тармағының үшінші, төртінші, қырық бесінші, қырық алтыншы абзацтарын қоспағанда, 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

"Мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 257 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32921 болып тіркелген) бекітілген Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді есептеу (айқындау), тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және қайта қарау қағидаларының 3-қосымшасы және Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларының 3-қосымшасы, "Мемлекеттік арнаулы жәрдемақыны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оны төлеу туралы шешімді қайта қарау қағидаларын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 269 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32961 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік арнаулы жәрдемақыны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оны төлеу туралы шешімді қайта қарау қағидаларының 3-қосымшасы, "Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау, оны төлеуді жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 521 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33801 болып тіркелген) бекітілген Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау, оны төлеуді жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату қағидаларының 2-қосымшасы 2026 жылғы 12 шілдеге дейін осы бұйрықтың 1, 2, 3 және 4-қосымшаларына сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.

*Қазақстан Республикасы*  
*Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі*

*А. Ертаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Жасанды интеллект және  
цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрі  
2026 жылғы 22 мамырдағы

## **Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидалары" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 257 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2023 жылғы 29 маусымда № 32921 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді есептеу (айқындау), тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және қайта қарау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) 171-бабы 4-тармағының бірінші бөлігіне және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қараудың тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "Е-макет" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "Е-макет" АЦЖ) – "Зейнетақы төлемдері мен жәрдемақыларды электронды тағайындау жүйесі";

14), 15), 16) және 17) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"14) цифрлық құжаттардың сервисі – операторға бекітілген және цифрлық объектісіндегі мәліметтер негізінде қалыптастырылған құжаттарды электронды түрде көрсетуге және пайдалануға арналған "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектісі;

15) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік

органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

16) "Е-макет" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – АЦЖ "Е-макет") – "Электрондық зейнетақы төлемдері мен жәрдемақылар жүйесі" автоматтандырылған цифрлық жүйесі;

17) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті мемлекеттік орган осы Қағидаларды бекіту немесе өзгерту күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына, жәрдемақыны тағайындау бойынша уәкілетті органға, Мемлекеттік корпорацияға және "цифрлық үкіметтің" операторына жолдайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Құжаттарды қабылдайтын маман "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне (бұдан әрі – ЦЖ) сұраулар қалыптастырады:

"Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры ЦЖ-ға – өтініш берушінің жеке басын куәландыратын және тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттар бойынша;

"АХАЖ" (азаматтардың хал актілерін жазу) ЦЖ-ға – баланың (балалардың) туу туралы куәлігі немесе туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2007 жылғы 13 тамыздан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша), неке қию туралы куәлік бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 маусымнан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша);

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Ұлттық білім беру деректер қоры" ЦЖ-ға – кәмелетке толмаған балаға (балаларға) камқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы мәліметтері бойынша;

"Төрелік" автоматтандырылған цифрлық талдамалық жүйесінде – бала (балаларды) асырап алу туралы сот шешімі бойынша;

"Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер қоры" ЦЖ-ға – мүгедектікті белгілеу туралы мәліметтердің болуына сұрау салуды қалыптастырады.

Өтініш электрондық не қағаз түрінде беріледі, оған қол қойылады немесе өтініш берушінің ЭЦҚ-мен, сондай-ақ ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы куәландырылады.

ЦЖ-дағы мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде өтінішке тиісті құжаттар қоса беріледі.

Электрондық құжаттар цифрлық құжаттардың сервисі арқылы қалыптастырылады, тексеріледі және пайдаланылады.";

10-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ көрсетілген төлемдердің бірін тағайындау немесе оларды тағайындауға өтініш беру фактісін растайтын мәліметтер алынған кезде өтініш берушіге мүлтіксіз осы Қағидалардың 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Өтінішті қабылдаған маман өтініш берушіден жәрдемақы тағайындау үшін қабылданатын құжаттар топтамасының толықтығын, сондай-ақ ЦЖ-дан алынған мәліметтерді тексереді, электронды құжаттардың көшірмелерінің өтініш беруші осы Қағидалардың 6 және 8-тармақтарына сәйкес ұсынған түпнұсқаларына сәйкес келуін қамтамасыз етеді, өзінің ЭЦҚ арқылы куәландырады, кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Көрсетілетін қызметті алушы мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігі бар бала тәрбиелеушіге жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасау бойынша жәрдемақы, еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлемді тағайындауға "бір терезе" қағидаты бойынша жүгінгенде МӘС бөлімшесі өтінішті қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде электрондық өтініштен, құжаттардың электрондық көшірмелеріне тұратын жәрдемақы тағайындау бойынша электрондық өтінімді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан алынған мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жібереді.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Өтініш беруші мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау және өтініште көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-ға сұрау салу мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау үшін осы Қағидалардың 8-қосымшаға сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар сұрау салынған мәліметтерді растайтын электрондық құжаттарды ұсынған кезде сұрау салуды портал арқылы жүзеге асырған өтініш беруші электрондық өтінішті өзінің ЭЦҚ-сымен куәландырады және "Е-макет" АЦЖ-ға жібереді.

Жәрдемақы тағайындауға ұсынылған портал арқылы келіп түскен электрондық өтініш "Е-макет" АЦЖ-да мынадай параметрлер бойынша тексеруден өтеді:

1) ұсынылған мәліметтердің толықтығы;

2) жәрдемақы немесе асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, жасына байланысты немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау, төлеу, сондай-ақ тағайындауға өтініш беру фактісінің болмауы.

Көрсетілген параметрлер бойынша тексеру нәтижесі оң болғанда өтініш өңдеуге арналған "Е-макет" АЦЖ-да кіріс хабарламалар журналына ауыстырылады.

Жәрдемақы тағайындауға портал арқылы жүгінген өтініш берушіге электрондық өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама өтініш берушінің жеке кабинетіне жіберіледі.

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Әлеуметтік кодекстің 171-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша жәрдемақы тағайындауға құқық туындаған кезде, "Е-макет" АЦЖ-да арқылы абоненттік ұялы байланыс құрылғысының телефон нөмірі тіркелген жағдайда порталда көрсетілетілен қызметті алушыға жәрдемақы тағайындау туралы хабарлама дайындалады.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Жәрдемақыны проактивті қызмет арқылы тағайындаған кезде қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ сұрау салу осы Қағидалардың 7-тармағымен көзделген "Е-макет" АЦЖ арқылы жүзеге асырылады.

Проактивті қызмет арқылы жәрдемақы тағайындауға өтініш беру немесе тиісті төлемді тағайындау фактісін растайтын мәліметтер уәкілетті мемлекеттік органдардың ЦЖ арқылы алынған кезде мемлекеттік қызмет көрсету процесі аяқталады.";

20-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20-1. Көрсетілетін қызметті алушының портал арқылы немесе ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (проактивті қызмет) арқылы келіп түскен жалпы ауруға шалдығу немесе жұмыста мертігу себептері салдарынан мүгедектігі бойынша жәрдемақы тағайындауға келісімін алған жағдайда "Е-макет" АЦЖ осы Қағидалардың 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтардың тағайындауға өтініштерін (өтінімдерін) тіркеудің электрондық журналында өтінішті автоматты түрде тіркеуді жүзеге асырады, содан кейін өтініш берушіге уәкілетті органның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық өтінішті қабылдау туралы хабарлама жіберіледі.

"Е-макет" АЦЖ көрсетілген параметрлер бойынша тексеруден өтпеген жағдайда өтініш берушіге электрондық өтініштен бас тарту туралы хабарламаны автоматты түрде ұсынады.";

21-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21-1. Портал және "Е-макет" АЦЖ ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (проактивті қызмет) арқылы келіп түскен өтініштер бойынша жалпы ауруға шалдығу немесе жұмыста мертігу себептері салдарынан мүгедектігі бойынша жәрдемақы тағайындау кезінде автоматты түрде:

осы Қағидалардың 11-қосымшаға сәйкес мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау туралы шешімнің ЭІМ және электрондық жобасын қалыптастырады, көрсетілетін қызыметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ арқылы шешімнің электрондық жобасын бекітеді;

ЭІМ-да тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін қажетті мәліметтер болмаған немесе дұрыс болмаған жағдайда, мүгедектігі бойынша жәрдемақы тағайындаудан бас тарту туралы шешімді қалыптастырады.

"ОДҚ" АЦЖ-да төлеуге шешімнің электрондық жобасын қоюды автоматты түрде жүзеге асырады";

25-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте өтініш беруші Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш бергенде зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қарау мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей қарау нәтижесін "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы Мемлекеттік корпорацияға жібереді.";

39-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған күні өзгерген кезде ОДБ-да өзгерістер автоматты режимде жүргізіледі.";

50-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны төлеуді осы Қағидалардың 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлемін тоқтата тұру туралы шешімінің Әлеуметтік кодекстің 179-бабының 1-тармағында көзделген негізінде мәліметтер, соның ішінде цифрлық жүйелерден келіп түскен кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтата тұрады.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны төлеуді жәрдемақы төлеуді тоқтата тұруды тудырған жағдайлардан болуын растайтын соның ішінде ЦЖ-дан алынған құжаттар мен (немесе) мәліметтер негізінде өтініш бойынша қалпына келтіреді.";

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"57. Жәрдемақының артық есептелген (төленген) сомаларын қайтару:

алушының өтініші бойынша;

Мемлекеттік корпорация бөлімшесі хатының негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі төлемдерді республикалық бюджет кірісіне аудару үшін Мемлекеттік корпорацияға қайтарудың негізділігін

растайтын қажетті құжатты (ЦЖ алынған алушының қайтыс болғаны не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кеткені туралы мәліметтерді және (немесе) жәрдемақы алушы тұруға кеткен елдегі уәкілетті органнан жәрдемақы алушының ісіне сұрау салуды) қоса бере отырып, зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымға хат ұсынады;

соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.";

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Жәрдемақыны төлеу жүзеге асырылатын жәрдемақы алушылардың істері (қолданыстағы істер) қолданыстағы істер архивінде сақталады.

ЭІМ зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның цифрлық жүйесінде тұрақты түрде сақталады.";

63-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"63. ЦЖ олардың тағайындалуына сәйкес ЦЖ үзіліссіз жұмыс істеуі мен өзектілігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жиынтығын қамтамасыз етеді. Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ берілетін деректердің толықтығын, дәйектілігін, өзектілігі мен уақтылығын қамтамасыз етеді.";

64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"64. Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингін ЦЖ-да мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді автоматтандырылған режимде енгізуді қамтамасыз етеді.";

73-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"73. Мемлекеттік корпорация жәрдемақыны (төлеу айына қажеттілік қалыптастырылғаннан кейін пайда болған сомаларды) төлеуді Әлеуметтік кодекстің 177-бабының 5 және 6-тармақтарында айқындалған мөлшерде және көлемде алушының мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында түскені (одан шыққаны) туралы ақпарат ЦЖ-ға енгізілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.";

74-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"74. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны төлеуді уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ алушының шыққаны туралы ақпарат келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап толық көлемде қалпына келтіреді.";

көрсетілген Қағидалардың 3-қосымшасы осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 4-қосымшасы осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 5-қосымшасы осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 6-қосымшасы осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 7-қосымшасы осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 8-қосымшасы осы тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 9-қосымшасы осы тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 10-қосымшасы осы тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 12-қосымшасы осы тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 13-қосымшасы осы тізбеге 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 14-қосымшасы осы тізбеге 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 15-қосымшасы осы тізбеге 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 16-қосымшасы осы тізбеге 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 18-қосымшасы осы тізбеге 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 19-қосымшасы осы тізбеге 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 20-қосымшасы осы тізбеге 16-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларында:

2-тармақта:

5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) "Е-макет" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "Е-макет" АЦЖ) – "Зейнетақы төлемдері мен жәрдемақыларды электронды тағайындау" автоматтандырылған цифрлық жүйесі";

11), 12), 13) және 14) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"11) цифрлық құжаттардың сервисі – операторға бекітілген және цифрлық объектісіндегі мәліметтер негізінде қалыптастырылған құжаттарды электронды түрде көрсетуге және пайдалануға арналған "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектісі;

12) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік

органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

13) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);

14) электрондық іс макеті (бұдан әрі – ЭИМ) – Мемлекеттік корпорацияда "Е-макет" АЦЖ автоматтандырылған цифрлық жүйеде қалыптастыратын мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушының электрондық іс макеті";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті мемлекеттік орган осы Қағидаларды бекіту немесе өзгерту күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына, жәрдемақыны тағайындау бойынша уәкілетті органға, Мемлекеттік корпорацияға және "цифрлық үкіметтің" операторына жолдайды.";

5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Құжаттарды мемлекеттік цифрлық жүйелерден, оның ішінде құжаттардың цифрлық сервисінен алу мүмкіндігі болған кезде оларды ұсыну талап етілмейді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Құжаттарды қабылдайтын маман "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне (бұдан әрі – ЦЖ):

"Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры ЦЖ-ға – өтініш берушінің жеке басын куәландыратын және тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттар бойынша;

"АХАЖ" (азаматтардың хал актілерін жазу) ЦЖ-ға – баланың (балалардың) туу туралы куәлігі немесе туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2007 жылғы 13 тамыздан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша), неке қию туралы куәлік бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 маусымнан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша), балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 мамырдан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша);

"Төрелік" автоматтандырылған цифрлық талдамалық жүйеге – бала (балаларды) асырап алу туралы сот шешімі бойынша;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Ұлттық білім беру деректер қоры" цифрлық жүйесіне – кәмелетке толмаған балаға (балаларға) қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарында

тәрбиеленушілерді және орта (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта), оның ішінде арнайы және мамандандырылған, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушыларды оқыту туралы мәліметтер бойынша;

"ҚР ҒЖБМ ЖББП" ЦЖ-ға (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы цифрлық жүйесі) – оқыту туралы мәліметтер бойынша сұрау салуды қалыптастырады.

Өтініш электрондық не қағаз түрінде беріледі, оған қол қойылады немесе өтініш берушінің ЭЦҚ-мен, сондай-ақ ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы куәландырылады.

Электрондық құжаттар цифрлық құжаттардың сервисі арқылы қалыптастырылады, тексеріледі және пайдаланылады.

ЦЖ-дағы мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде өтінішке тиісті құжаттар қоса беріледі.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жәрдемақыны тағайындау кезінде қайтыс болған асыраушының сегіз жасқа толмаған балаларын, інілерін, қарындастарын немесе немерелерін күтумен айналысатын адам жыл сайын еңбек қызметін тоқтатқаны туралы жазбасы бар еңбек кітапшасын ұсынады, ол болмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі ЦЖ-дан адамның дара кәсіпкер ретінде тіркелмегені туралы және уәкілетті мемлекеттік органның автоматтандырылған ЦЖ-нен міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорында әлеуметтік аударымдарды аудару фактісінің болмауы туралы мәліметтерді сұратады.";

10-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ көрсетілген төлемдердің бірін тағайындау немесе жәрдемақы тағайындауға өтініш беру фактісін растайтын мәліметтер алынған кезде өтініш берушіге мүлтіксіз осы Қағидалардың 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Өтінішті қабылдаған маман өтініш берушіден жәрдемақыны тағайындау үшін қабылданатын құжаттар топтамасының толықтығын, сондай-ақ ЦЖ-дан алынған мәліметтерді тексереді, электронды құжаттардың көшірмелерінің өтініш беруші осы Қағидалардың 5 және 7-тармақтарына сәйкес ұсынған түпнұсқаларына сәйкес келуін қамтамасыз етеді, өзінің ЭЦҚ арқылы куәландырады, кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Өтініш беруші мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау және өтініште көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін

мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-ға сұрау салу мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау үшін осы Қағидалардың 8-қосымшаға сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар сұрау салынған мәліметтерді растайтын электрондық құжаттарды ұсынған кезде сұрау салуды портал арқылы жүзеге асырған өтініш беруші электрондық өтінішті өзінің ЭЦҚ-сымен куәландырады және "Е-макет" АЦЖ-ғажібереді.

Жәрдемақыны тағайындауға портал арқылы келіп түскен электрондық өтініш мынадай параметрлер бойынша тексеруден өтеді:

1) ұсынылған мәліметтердің толықтығы;

2) тағайындау, төлеу, сондай-ақ жәрдемақыны немесе мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны, жасына байланысты немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш беру фактісінің болмауы.

Көрсетілген параметрлер бойынша тексеру нәтижесі оң болғанда өтініш өңдеуге арналған "Е-макет" АЦЖ кіріс хабарламалар журналына ауыстырылады.

Жәрдемақы тағайындауға портал арқылы жүгінген өтініш берушіге электрондық өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама өтініш берушінің жеке кабинетіне жіберіледі.

Портал арқылы келіп түскен электрондық өтінімдер осы Қағидалардың 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтардың асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға өтініштерін тіркеудің электрондық журналында тіркеледі.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Әлеуметтік кодекстің 230-бабының 2-тармағында көзделген негіздер бойынша жәрдемақы тағайындауға құқық туындаған кезде, "Е-макет" АЦЖ арқылы абоненттік ұялы байланыс құрылғысының телефон нөмірі тіркелген жағдайда порталда көрсетілетілен қызметті алушыға жәрдемақы тағайындау туралы хабарлама дайындалады.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Жәрдемақыны проактивті қызмет арқылы тағайындаған кезде қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ сұрау салу осы Қағидалардың 5 және 6-тармақтарымен көзделген "Е-макет" АЦЖ арқылы жүзеге асырылады.

Проактивті қызмет арқылы жәрдемақы тағайындауға өтініш беру немесе тиісті төлемді тағайындау фактісін растайтын мәліметтер уәкілетті мемлекеттік органдардың ЦЖ арқылы алынған кезде мемлекеттік қызмет көрсету процесі аяқталады.";

25-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Бұл ретте өтініш беруші Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш бергенде зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қарау мерзімі өткенге

дейін бір тәуліктен кешіктірмей қарау нәтижесін "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы Мемлекеттік корпорацияға жібереді.";

49-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны төлеуді осы Қағидалардың 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган асыраушысынан айырылған жағдай бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлемін тоқтата тұру туралы шешімінің Әлеуметтік кодекстің 238-бабының 1-тармағында көзделген негізінде мәліметтер, соның ішінде цифрлық жүйелерден келіп түскен кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтата тұрады .";

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны төлеуді жәрдемақы төлеуді тоқтата тұруды тудырған жағдайлардан болуын растайтын соның ішінде цифрлық жүйелерден алынған құжаттар мен (немесе) мәліметтер негізінде өтініш бойынша қалпына келтіреді.";

59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"59. Жәрдемақының артық есептелген (төленген) сомаларын қайтару:

алушының өтініші бойынша;

Мемлекеттік корпорация бөлімшесі хатының негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі төлемдерді республикалық бюджет кірісіне аудару үшін Мемлекеттік корпорацияға қайтарудың негізділігін растайтын қажетті құжатты (ЦЖ-дан алынған алушының қайтыс болғаны не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кеткені туралы мәліметтерді және (немесе) жәрдемақы алушы тұруға кеткен елдегі уәкілетті органнан жәрдемақы алушының ісіне сұрау салуды) қоса бере отырып, зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымға хат ұсынады;

соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.";

62-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"62. Жәрдемақыны төлеу жүзеге асырылатын жәрдемақы алушылардың істері (қолданыстағы істер) қолданыстағы істер архивінде сақталады.

ЭІМ уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ-де тұрақты түрде сақталады.";

65-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"65.ЦЖ олардың тағайындалуына сәйкес ЦЖ үзіліссіз жұмыс істеуі мен өзектілігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жиынтығын қамтамасыз етеді. Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ берілетін деректердің толықтығын, дәйектілігін, өзектілігі мен уақтылығын қамтамасыз етеді.";

66-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"66. Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингін ЦЖ-да мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді автоматтандырылған режимде енгізуді қамтамасыз етеді.";

71-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация жәрдемақыны (төлеу айына қажеттілік қалыптастырылғаннан кейін пайда болған сомаларды) төлеуді Әлеуметтік кодекстің 237-бабының 2 және 3-тармақтарында айқындалған мөлшерде және көлемде мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында түскені (одан шыққаны) туралы ақпарат ЦЖ-ға енгізілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.";

72-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"72. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны төлеуді уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ алушының шыққаны туралы ақпарат келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап толық көлемде қалпына келтіреді.";

көрсетілген Қағидалардың 2-қосымшасы осы тізбеге 17-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 3-қосымшасы осы тізбеге 18-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 4-қосымшасы осы тізбеге 19-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 5-қосымшасы осы тізбеге 20-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 6-қосымшасы осы тізбеге 21-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 7-қосымшасы осы тізбеге 22-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 8-қосымшасы осы тізбеге 23-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 10-қосымшасы осы тізбеге 24-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 11-қосымшасы осы тізбеге 25-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 12-қосымшасы осы тізбеге 26-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 13-қосымшасы осы тізбеге 27-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 14-қосымшасы осы тізбеге 28-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 15-қосымшасы осы тізбеге 29-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 20-қосымшасы осы тізбеге 30-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 21-қосымшасы осы тізбеге 31-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 22-қосымшасы осы тізбеге 32-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 23-қосымшасы осы тізбеге 33-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Мемлекеттік арнаулы жәрдемақыны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оны төлеу туралы шешімді қайта қарау қағидаларын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 269 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2023 жылғы 30 маусымда № 32961 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік арнаулы жәрдемақыны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оны төлеу туралы шешімді қайта қарау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік арнаулы жәрдемақыны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оны төлеу туралы шешімді қайта қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және мемлекеттік арнаулы жәрдемақыны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оны төлеу туралы шешімді қайта қарау тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) "Е-макет" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "Е-макет" АЦЖ) – "Зейнетақы төлемдері мен жәрдемақыларды электронды тағайындау жүйесі";

12), 13), 14), 15) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"12) цифрлық құжаттардың сервисі – операторға бекітілген және цифрлық объектісіндегі мәліметтер негізінде қалыптастырылған құжаттарды электронды түрде көрсетуге және пайдалануға арналған "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектісі;

13) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы – (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

14) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);

15) электрондық іс макеті (бұдан әрі – ЭИМ) – Мемлекеттік корпорацияда "Е-макет" АЦЖ-да қалыптастыратын мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушының электрондық іс макеті.";

16) тармақша алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті мемлекеттік орган осы Қағидаларды бекіту немесе өзгерту күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына, жәрдемақыны тағайындау бойынша уәкілетті органға, Мемлекеттік корпорацияға және "цифрлық үкіметтің" операторына жолдайды.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Құжаттарды қабылдайтын маман "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдар мен (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне (бұдан әрі – ЦЖ) сұрау салуды қалыптастырады:

"Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры ЦЖ-ға – өтініш берушінің жеке басын куәландыратын, Қазақстан Республикасы азаматтығына қатыстылығын көрсететін және тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттар бойынша;

"Е-Қорғаншылық" ЦЖ-ға – қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы құжаттар бойынша;

"Төрелік" автоматтандырылған цифрлық талдамалық жүйеде – еңбек өтілін растау туралы соттың шешімдері бойынша;

"АХАЖ" (азаматтардың хал актілерін жазу) ЦЖ-ға – баланың (балалардың) туу туралы куәлігі немесе туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2007 жылғы 13 тамыздан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша), неке қию туралы куәлік бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында

2008 жылғы 1 маусымнан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша), балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 мамырдан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша), қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама бойынша (2008 жылғы 1 мамырдан кейін Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген тіркеу бойынша қалыптастырады).

Өтініш қағаз түрінде беріледі, өтініш берушімен қол қойылады.

ЦЖ мәліметтермен сәйкес келмеген (болмаған) кезде өтінішке тиісті құжаттар қоса беріледі.

Электрондық құжаттар цифрлық құжаттардың сервисі арқылы қалыптастырылады, тексеріледі және пайдаланылады.";

6-тармақтың бірінші, екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жәрдемақы тағайындау үшін өтініш беруші осы Қағидалардың 4-тармағында тізбеленген құжаттардан басқа:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс сипатын немесе еңбек жағдайларын растайтын ұйымның анықтамасы.

Ұйым таратылған жағдайда жұмыс орны, атқарған лауазымы, кәсібі, жұмыс кезеңдері, архив ісінің нөмірі, оның беттері көрсетілген, мөрмен және архив директоры мен архивариустың қолы қойылып расталған архивтік анықтама немесе мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған архивтік құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады.

Мұрағат құжаттары болмаған жағдайда жұмыс сипаты немесе еңбек жағдайлары және олардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 желтоқсандағы № 1930 қаулысымен бекітілген Жерасты және ашық кен жұмыстарындағы, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің лауазымдар мен көрсеткіштердің № 1 тізіміне және Еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің № 2 тізіміне сәйкестігі сот органдары арқылы белгіленеді;

2) өтініш берушінің еңбек өтілін растайтын құжаттар ұсынылады:

еңбек кітапшасы;

еңбек кітапшасы жоқ немесе жарамсыз болса, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар, нақтылық болмаса, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болса архив мекемелерінен немесе жұмыс орнынан анықтамалар, мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған архивтік құжаттың электрондық көшірмелері немесе жұмыс орнынан анықтамалар.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Өтінішті қабылдаған маман өтініш берушіден жәрдемақы тағайындау үшін қабылданатын құжаттар топтамасының толықтығын, сондай-ақ ЦЖ-дан алынған мәліметтерді тексереді, электронды құжаттардың көшірмелерінің өтініш беруші осы

Қағидалардың 3-тармағына сәйкес ұсынған түпнұсқаларына сәйкес келуін қамтамасыз етеді, өзінің ЭЦҚ арқылы куәландырады, кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.";

15-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте өтініш беруші Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш бергенде зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қарау мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей қарау нәтижесін "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы Мемлекеттік корпорацияға жібереді.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес шағыммен жүгінеді.";

29-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған күні өзгерген кезде ОДБ-да өзгерістер автоматты режимде жүргізіледі.";

39-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны төлеуді осы Қағидалардың 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган шешімінің Заңның 5-2-бабының 3-тармағында көзделген негізінде мәліметтер, соның ішінде ЦЖ-дан келіп түскен кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтата тұрады.";

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны төлеуді жәрдемақы төлеуді тоқтата тұруды тудырған жағдайлардан болуын растайтын соның ішінде цифрлық жүйелерден алынған құжаттар мен (немесе) мәліметтер негізінде өтініш бойынша қалпына келтіреді.";

41-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны төлеуді осы Қағидалардың 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның шешімінің Заңның 5-2-бабының 3-тармағында көзделген негізінде мәліметтер, оның ішінде цифрлық жүйелерден өтініштер мен сұратулардың келіп түскен кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатады.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Жәрдемақының артық есептелген (төленген) сомаларын қайтару: алушының өтініші бойынша;

Мемлекеттік корпорация бөлімшесі хатының негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі төлемдерді республикалық бюджет кірісіне аудару үшін Мемлекеттік корпорацияға қайтарудың негізділігін растайтын қажетті құжатты (ЦЖ алынған алушының қайтыс болғаны не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кеткені туралы мәліметтерді және (немесе) жәрдемақы алушы тұруға кеткен елдегі уәкілетті органнан жәрдемақы алушының ісіне сұрау салуды) қоса бере отырып, зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымға хат ұсынады;

соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.";

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

